

Омарова Б.А.¹, Байбекова М.М.², Камардинова У.О.³, Ералина Ф.Қ.⁴

^{1,2,3,4}Академик А.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ БІЛІМ ОРТАСЫНА СТУДЕНТТЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АДАПТАЦИЯЛАНУЛАРЫНДАҒЫ РЕФЛЕКСИЯНЫҢ РӨЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада қазіргі таңдағы білім саласындағы түрлі өзгеріс-жаңалықтарға орай студенттердің оқу процесіне, жалпы жоғары оқу орнының білім беру ортасына адаптациялануындағы рефлексияның алатын рөлінің ерекшеліктері теориялық және әдіснамалық, әрі әдістемелік тұрғыдан да терең талданады.

Рефлексияны заманауи зерттеу жұмыстары оның келесідей аспектіде қарастыруды талап етеді: интеллектуалды, жеке тұлғалық және коммуникативті. Студенттік шақта психологиялық адаптацияланудың табыстылығын қамтамасыз ететін тиімді шара адамға орта мен жеке тұлға арасындағы қарама-қайшылықты қадағалап, талдап және шешіп отыруға мүмкіндік беретін құбылыс-рефлексия болып табылады. Рефлексия әлеуметтік және жеке-дара құндылықтар, мағына, қажеттіліктер арқылы «МЕН-социум» жүйесіндегі қарым-қатынас-байланыстардың үйлесімділігін және жеке ресурстарды қолдану арқылы «МЕН-академиялық талаптар» жүйесіндегі де байланыстарды қамтамасыз етеді.

Студенттердің ЖБҰ-дың оқу процесіне психологиялық адаптациялануын үздіксіз процесс деп қарау аса қажетті болып отыр. Рефлексия студенттердің түсініктері бойынша жеке тұлғалық белсенділікті реттеу шарасы екендігі көрсетілді. Ол сыртқы әлемді қайта құруға бағытталуы мүмкін, әрі сыртқы ортаның өзгермелі талаптарына орай, оның ішінде білім беру жағдайларының да өзгерістеріне қарай жеке өзіндік қайта құрылу да болады, сондықтан да студенттердің адаптациялық белсенділіктерін реттеудің маңызды шарасы болады.

Кілт сөздері: рефлексия, адаптация, жеке-дара құндылықтар, мағына, қажеттіліктер, белсенділік, дезадаптация, резервтер мен әлеуеттер, рефлексивті, ұғымдар, адекваттылық, тұлғааралық өзара әрекет ситуациялары.

Omarova B.A.¹, Baibekova M. M.², Kamardinova U.O.³, Eralina G.K.⁴

^{1,2,3,4} Peoples' friendship University named after academician A.Kuatbekov, Shymkent

ROLE FEATURES OF REFLECTION IN THE PSYCHOLOGICAL ADAPTATION OF STUDENTS TO THE EDUCATIONAL ENVIRONMENT OF THE UNIVERSITY

Abstract

This article analyzes in detail the theoretical and methodological features of reflection in the adaptation of students to the educational process, to the educational environment of the University as a whole. Modern studies of reflection require its consideration in the following aspects: intellectual, personal, and communicative. An effective measure that ensures the success of psychological adaptation in student time is reflection—a phenomenon that allows a person to track, analyze and resolve conflicts between the environment and the individual. Reflection provides interaction in the "I-society" system through social and personal values, meaning, needs, harmony of connections and connections in the "I-society" system using separate resources and in the "I-academic requirements" system. It is extremely necessary to consider the psychological adaptation of students to the educational process of ODO as a continuous process. Reflection was shown as a measure of regulating students' personal activity according to concepts. It can be aimed at restructuring the external world, and depending on changing environmental conditions, including changes in educational conditions, it becomes an important measure for regulating the adaptive activity of students.

Keywords: reflection, adaptation, personal values, meaning, needs, activity, maladaptation, reserves and potentials, reflexive, concepts, adequacy, situations of interpersonal interaction.

Омарова Б.А.¹, Байбекова М.М.², Камардинова У.О.³, Ералина Г.К.⁴

^{1,2,3,4} Университета Дружбы народов им. академика Куатбекова А.

РОЛЕВЫЕ ОСОБЕННОСТИ РЕФЛЕКСИИ В ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ АДАПТАЦИИ СТУДЕНТОВ К ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЕ ВУЗА

Аннотация

В данной статье подробно анализируются и теоретические и методологические особенности рефлексии в адаптации студентов к учебному процессу, к образовательной среде вуза в целом. Современные исследования рефлексии требуют его рассмотрения в следующем аспекте: интеллектуальное, личностное и коммуникативное. Эффективной мерой, обеспечивающей успешность психологической адаптации в студенческое время, является рефлексия-явление, позволяющее человеку отслеживать, анализировать и решать конфликты между средой и личностью. Рефлексия обеспечивает взаимодействие в системе «Я-социум» через социальные и личностные ценности, смысл, потребности, гармонию связей и связи в системе «Я-социум» с использованием отдельных ресурсов и в системе «Я-академические требования». Крайне необходимо рассматривать психологическую адаптацию студентов к учебному процессу ОДО как непрерывный процесс. Рефлексия была показана как мера регулирования личностной активности студентов по понятиям. Она может быть направлена на перестройку внешнего мира, и в зависимости от изменяющихся условий внешней среды, в том числе и изменений условий образования, и становится важной мерой регулирования адаптационной активности студентов.

Ключевые слова: рефлексия, адаптация, личностные ценности, смысл, потребности, активность, дезадаптация, резервы и потенциалы, рефлексивные, понятия, адекватность, ситуации межличностного взаимодействия.

Кіріспе. Зерттеудің өзектілігі. Айнала әлем күннен күнге қарқынды да үдемелі даму күйінде әрі қиын да болып отыр, бұл арадан – жақын арада нақты көтерілмеген бірқатар мәселелер де бой көте-реді. Біздер А.Г. Асмолов атаған «өзгермелі әлемдегі өзгермелі тұлға» деген әлеуметтік феноменмен соқтығысып тұрмыз. Тұрақсыздық жағдайындағы экономикалық және саяси шындық адамды аса жоғары талаптар ситуациясындағы адаптациялық мүмкіндіктерге әкеліп тіреп отыр. Өмір мен іс-әре-кеттің мұндай жағдайларында ең маңызды болатыны әлеуметтік орта мен жеке тұлғалық мүм-кіндіктер мен резервтер, яғни әлеуеттер арасындағы тепе-теңдікті анықтау болап табылады[1, 50б].

Әсіресе жоғары білім берудің заманауи білім беру ортасы қазіргі таңда аса ерекше үдемелі қарқында болып отыр. Білім берудің түрлері мен мазмұнының реформалануы жағдайында ұзақ уақыт болғандықтан да, жоғары білімді ұйымдастыру заманауи таңдағы студенттерге жаңа күзиреттердің дербес және аса қызу қарқында меңгеруі және оларды дамытудың жаңа түрлері мен тәсілдеріне қатысты, әрі әлеуметтік өзара әрекет пен өзін-өзі реттеудің жаңа тәсілдерін , өзін-өзі дамытудың жаңа тәсіл-шараларын игеруге қатысты аса жоғары деңгейдегі талаптарды қойып отыр. Студенттерге деген талаптар күн санап өсуде, осы талаптарға сай болу үшін студенттерге міндетті түрде жоғары білім беруді ұйымдастырудың (әрі қарай ЖБҰ) жағдайларына адаптациялану қажет болып отыр және ағымдық міндеттерді тиімді де табысты шешуге үйренулері де аса қажет болып отыр. Оқытуға деген тіпті табысты адаптацияның өзі осы нәтиженің оқыту мерзімінің аяғына дейін сақталуына кепіл бола алмайды. Кейбір дезадаптацияландыратын факторлар өзгелерімен ауысып жатады. Әрбір семестрде студенттерге түрлі оқыту стильдері мен тәсілдеріне үйренуге тура келіп отырады.Әр жарты жылда студенттер емтихандар тапсырады. Көптегендері үшін ол- жұмыс сәттері, кейбіреулерге ол аса ауыр стресс болады, әрі оған жаңадан қайта адаптациялану қажет болады. Студенттердің ЖБҰ-дың оқу процесіне психологиялық адаптациялануын үздіксіз процесс деп қарау аса қажетті болып отыр [2, 10б].

Негізгі бөлім. Студенттік шақта психологиялық адаптацияланудың табыстылығын қамтамасыз ететін тиімді шара адамға орта мен жеке тұлға арасындағы қарама-қайшылықты қадағалап, талдап және шешіп отыруға мүмкіндік беретін құбылыс-рефлексия болып табылады.

Рефлексия әлеуметтік және жеке-дара құндылықтар, мағына, қажеттіліктер арқылы «МЕН-социум» жүйесіндегі қарым-қатынас-байланыстардың үйлесімділігін және жеке ресурстарды қолдану арқылы «МЕН-академиялық талаптар» жүйесіндегі де байланыстарды қамтамасыз етеді. Рефлексияның дамуы субъектінің өзгелер, өзі жайлы рефлексивті ұғымдарының адекваттылығының артуымен, тұлғааралық өзара әрекет ситуацияларын талдау деңгейінің тереңдеуімен, ішкі және сыртқы кикілжіндердің стандартты емес шешу тәсілдерінің жаңа түрлерінің пайда болуымен сипатталады да, ақырында психологиялық адаптация нәтижелеріне ықпалын тигізеді. Осыған орай, рефлексияны зерттеу психологиялық адаптацияланудың ішкі ресурстарының бірі ретінде оның ағымдық жағдайы біздерге аса өзекті және ұстанымды түрде маңызды болады. Осылайша, зерттеудің өзектілігі мен оның әлеуметтік маңыздылығы білім беру ортасының талаптарының адаптациялық икемділік пен студенттердің мобильділігі арасындағы талаптары қарама-қайшылықтарының өткірленуі, жаңартылған білім жағдайларына жеңіл бағдарлану мен жоғары білім беруді ұйымдастырудың қоғамдық өмірінің міндеттері бір жағынан, екінші жағынан ЖБҰ білім ортасына студенттердің психологиялық адаптациялануларының рефлексиясы ерекшеліктері жайлы ғылыми ақпараттың жеткіліксіздігі мәселелерінің артуымен шарттасады. Рефлексия кәсіби күзіреттілікті меңгерудің қажетті элементі ретінде, интеллектуалды мәдениеттің мәнді компоненті ретінде және өзін-өзі реттеу мен дамудың маңызды механизмі ретінде (психологиялық адаптацияның маңызды құрамдастары) (Э. Гуссерль, Д.В. Винник, Г.И. Железовская, А.Н. Леонтьев, Ю.П. Поварёнков, М.В. Романова, В.И. Слободчиков және т.б.) қарастырылады. Осыған орай, студенттердің рефлексиясын анықтау және оның ЖБҰ білім ортасына психологиялық адаптациялануының ерекшеліктерін зерттеу аса өзекті мәселеге айналып отыр [3, 1126].

Мәселенің ғылыми зерттелуінің дәрежесі қаншалықты деген сауалға келер болсақ, психологиялық ғылымда рефлексия жайлы феномен ретінде, ойлау тәсілі ретінде, процесс, іс-әрекет, дағды жайлы деген түрлі пікір-ұғымдар қалыптасып кеткен. Қай сала болса соған орай рефлексияның зерттелуіне сай осы құбылыстың түрлі қырлары акценттеліп отыр. Бірақ оның қандай жақтары мен қырлары ерекшеленгенмен де, олар адамның өзінің өзіндік сана-сезімін, өзіндік Менін, жеке күш-қуатын, әрекеттерін, әрі адаптациялық мүмкіндіктерін де таразылап, мағынасын саралауды қажет етеді. Сондықтан да, рефлексияны қарастырудың барлық қырлары мен барлық тәсілдері аса маңызды, әсіресе оны проблемалық ситуацияларға қолдану, оның ішінде білім ортасына психологиялық адаптацияланудағы рөлі аса ерекше маңызды болып отыр [4, 1586].

Рефлексияны заманауи зерттеу жұмыстарына талдау жасау келесіні көрсетеді, ол негізгі аспектіде зерттеледі: интеллектуалды, жеке тұлғалық және коммуникативті. Кейбір зерттеушілер рефлексияны шығармашылық процесс деп қарастырады (О.И. Генисаретский, В.К. Зарецкий, М.М. Кашапов, Я.А. Пономарев). Ғылыми психологиялық әдебиетте рефлексияның интеллектуалды аспектісі жеткілікті түрде жақсы баяндалған. Рефлексияның когнитивті схемалардағы рөлі мен орнына байланысты көптеген зерттеулер бар (Н.Г. Алексеев, В.Н. Борисов, П.Я. Гальперин, О.И. Генисаретский, Ю.В. Громыко, Н.И. Гуткина, А.З. Зак, В.А. Лефевр, Г.П. Щедровицкий). Әлеуметтік психологияда рефлексияны қарастырудың негізгі контексті болып тұлғааралық таным мен өзара әрекет процестері табылады (К.А. Абульханова, Г.М. Андреева, А.Г. Асмолов, А.А. Бодалев, Л.П. Буюева, Ф.Е. Василюк, М.В. Карагачева, С.В. Михайлова, В.И. Панов, Е.В. Рягузова, Р.М. Шамионов). Бұл рефлексияның әлеуметтік психологиялық трактовокalarını және оны зерттеуге деген бағыт-көзқарастарды да анықтайды. Жекелік рефлексия және оның түрлері жиі жағдайда қолданбалы, психодиагностикалық және психокоррекциялық зерттеулерде қарастырылады, оның ішінде психологиялық-педагогикалық міндеттерді шешетіндерінде де (Е.А. Александрова, Л.И. Анциферова, Т.В. Белых, Л.И. Божович, В.К. Зарецкий, В.В. Знаков, А.В. Капцов, В.И. Моросанова, Ю.М. Орлов, Е.Н. Осин) [5, 886].

Ресейлік психологияда рефлексия мәселесімен барлық авторлар дерлік айналысты. Қазіргі таңда рефлексивті процестерді жекелеген психология салаларында зерттеу дәстүрге айналған. Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн, Щедровицкийлер рефлексияны сана мен іс-әрекет мәселелері шеңберінде қарастырды. Ойлау процестері шеңберінде рефлексияны зерттеу А.В. Брушлинский, С.М. Кашапов, В.А. Лефевр, С.Ю. Степанов мен И.Н. Семеновтерге қатысты болды, олар оны шығармашылық ойлау тұрғысынан зерттеді. Қарым-қатынас процесс ретінде ондағы рефлексия ашыла отырып, оны Г.М. Андреева, А.А. Бодалевтер зерттеді. Педагогикалық психологияның шеңберінде рефлексивті актілерге және процестерге Л.С. Выготский, И.А. Зимняя, В.Д. Шадриковтер үлкен зейін аударып зерттеді [6, 4716].

Дегенмен рефлексияны теориялық және эмпирикалық зерттеудің орасан үлкен тәжірибесі оқып-білім алушылардың жоғары оқу жағдайларына психологиялық адаптациялану ерекшеліктері тұрғысында жеткіліксіз талданған, әрі бұл жағдай біздерге «жеке тұлға-білім ортасы» жүйесінде динамикалық тепе-теңдікті орнату процесі деп түсініледі. Жинақталған ғылыми материал көзқарастар мен қорытындыларда түрліше болып келіп, жүйелеу мен жалпылауды қажет етеді. Рефлексияның түрлері мен оның студенттерге қатысты субъектілі-жеке тұлғалық сипаттамалар ерекшеліктері және жоғары оқу орнында жоғары білімді ұйымдастыруда адаптациялану нәтижелеріне өзара қатысты мәселелері әлі күнге дейін зерттеуді қажет етіп отыр [7, 496].

Біздің зерттеу жұмысымыздың «Студенттердің рефлексия және оның сипаттамасы жайлы ұғым-түсініктерін зерттеу» параграфында авторлық анкета көмегімен жинақталған мәліметтер талданады, студенттердің рефлексия жайлы ұғым-түсініктеріне контент-талдау жасалынды, әрі ол арқылы студенттердің бұл феноменді оқу курстарына қарай дифференциалды, яғни жіктеліп түсінетіндіктері анықталды. Сонымен қатар, студенттердің осы ұғымды түсінулерінің инвариантты және ерекше мағыналық сипаттамалары түрлері болатыны да анықталды. Рефлексия жайлы ұғымның мағыналық категорияларының ядросы, өзегі және ЖБҰ-дың оқу процесіне адаптациялану процесіндегі рөлі өзіне 15 бірлікті қосып алады: ойлану, таразылау өзіндік талдау, өзін-өзі тану, өзіндік қылықтар мен әрекеттерді талдау, өзіне-өзі, өзінің санасына қаратпа сөз, ойлау процесі, психикалық күй-қалыпты өзін-өзі талдау, қайта таразылап, ой елегінен өткізу, өзін-өзі бағалау, өзіндік сана-сезімді сезіну, өзіндік сана, мағыналау. Рефлексия студенттердің түсініктері бойынша жеке тұлғалық белсенділікті реттеу шарасы екендігі көрсетілді. Ол сыртқы әлемді қайта құруға бағытталуы мүмкін, әрі сыртқы ортаның өзгермелі талаптарына орай, оның ішінде білім беру жағдайларының да өзгерістеріне қарай жеке өзіндік қайта құрылу да болады, сондықтан да студенттердің адаптациялық белсенділіктерін реттеудің маңызды шарасы болады [8, 1896].

Эксперименттік зерттеу бөлімі. Сыналушылармен әңгімелесу барысында келесі жайт анықталды, яғни олардың түсінігінде кез-келген рефлексия, тіпті адаптациялық процестегі де кейбір механизмдерге байланысты болады. Көптеген жағдайларда орын алатын рефлексивті процестер олар келесілер, - бұл проблемалық, мәселелік ситуациялар (84,4%), өткен тәжірибеге баға берудің қажетті-гі (70,6%), жоспарлау ситуациясы (62,8%) және кінә сезімін бастан кешіру (56,3%). Жиі жағдайда респонденттер келесі жағдайларды да таңдады, табыстылықты бастан кешіру (21,3%), борыш сезімі (20,6%), психофизиологиялық күйде көңіл-күйдің түсуі (17,8%) және сырттан түрткі (11,3%).

Рефлексивті іс-әрекет кезіндегі ақпаратты алғашқы қабылдау мен ішкі өңдеудегі басым каналдардың ішінде студенттер көру бейнелерін ерекше бөлді (45,6% респонденттер). Есту және кинестетикалық модальдылықтар онша берілмеген, аталмаған. Бірақ рефлексиядағы логикалық схемалар көру бейнелерімен қатар, бірдей көрініп орын алады (41,9% респонденттер). Осылайша, рефлексия процесінде студенттер көп жағдайда «картинка, яғни суреттер» және «логиканы» қолданады, яғни пікірлерін визуалды бейнелермен қатар келтіре отырып [9, 1006].

Рефлексияның маңызды нәтижелерінің бірі ретінде студенттер келесілерді атады, яғни әрекетке түрткі (59,1% респонденттер); мақсатты анықтау (47,5% респонденттер); интеллектуалды нәтиже (42,5% респонденттер); жетістіктер бейнелерінің пайда болуы (40% респонденттер). Рефлексия нәтижелерінің жоқтығы жайлы 2,2% сыналушылар хабарлады. Бұдан келесі қорытынды жасауға болады, студенттердің көпшілігі өздерінің жеке рефлексияларының нәтижелерін өнімді іс-әрекет ретінде жағымды, оң бағалаған және олар ЖБҰ-н білімдік ортасына психологиялық бейімделуге қолданатын жол табады.

Зерттеу жұмысымыздың «Студенттердің ЖБҰ-дың білім ортасына рефлексия және субъектілі-жеке тұлғалық қасиеттермен психологиялық бейімделуінің өзара байланысы» 2.3 параграфында корреляциялық және факторлық талдаудың нәтижелері келтіріледі. Көптеген түрлермен, параметрлер, механизмдермен, рефлексия нәтижелері, адаптациялану мен субъектілі-жеке тұлғалық сипаттамалар арасындағы көптеген байланыстар болатындығы белгіленген. Адаптацияланушылық жүйелі рефлексия мен «оқу үшін рефлексияның пайдасы» көрсеткіштерімен жағымды корреляцияланады. Мәліметтер арқылы рефлексияға қанағаттанушылық рефлексиялай алушылықты қалаумен, бейнелердің нақтылығы және стратегиялардың түрлі болуымен жағымды корреляцияланады. Басқаша айтсақ, рефлексияға неғұрлым қанағаттанушылық жоғары болса, соғұрлым рефлексиялай алу шеберлігі және осы шеберлікті дамыту ниеті дамыған болып келеді [10, 996].

Қорытынды. Нәтижесінде қорытынды ретінде осы зерттелетін мәселенің ары қарайғы болашағы анықталып, келесі қорытындылар құрастырылады.

Рефлексия тек қана критикалық қана емес, эвристикалық механизм бола отырып, жеке тұлғаның өзгеруінің бастапқы құралы болады. Рефлексия ойлауды шындықпен байланыстырады, осы екі салаға да қатысты болып келеді, адаптациялық феномендерді детерминациялайтын «субъект-орта» жүйесіндегі динамикалық сыртқы және ішкі процестерде маңызды орын алады. Көптеген психологтар рефлексияның процессуалды жағын қарастырады. Сонымен қатар процестің өзін ғалымдар түрліше сипаттайды, әрі рефлексивті іс-әрекеттің реттелушілігін және саналылық дәрежесін түрліше бағалайды. Рефлексия өзінің ерекшеліктеріне қарай өнімді және өнімсіз болып келеді, әрі адаптивті және дезадаптивті функциялар атқарады. Жүйелі (немесе Д.А. Леонтьев бойынша адаптивті) рефлексия- ерекше талпыныс пен қабілет және оқытуды қажет ететін күрделі іс-әрекет болып табылады [11, 77б].

Жоғары білімді ұйымдастыру ортасына студенттердің бейімделуі тек қана пассив-икемді байланыстар емес, жеке адамның қоршаған ортамен белсенді-қайта құрушы байланыстарына да негізделеді. Ол белгілі бір когнитивті, қажеттілікті-мотивациялық, мінез-құлықтық және субъектілі-жеке тұлғалық механизмдер кешеніне негізделіп сүйенеді. Адаптацияның табыстылығы немесе сәтсіздігін көп жағдайда студенттің субъектілі жеке тұлғалық сипатамасы анықтайды, әрі осы мезгілде адаптацияның өзі оның жеке дамуы үшін мықты стимул болады. Жүйелі адаптация жоғары табыстылықты қамтиды, әрі қанағаттанушылықтың субъективті сезімімен қатар жүреді [12, 85б].

Оқу және кәсіби іс-әрекет бағытында рефлексия үшін жетекші болып рефлексияның мотивация-лық және реттеушілік функциялары табылады. Рефлексияны оқу іс-әрекетіне психологиялық адаптациялау процесінде қолдану топ мүшелерінің өздері және өзгелер жайлы рефлексивті ұғым-түсініктерін арттырады, тұлғааралық өзара әрекеттің ситуацияларын талдау деңгейлері адекваттылығының жоғарылауына, оқу және проблемалық ситуациялардың жаңа, стандартты емес шешу тәсілдерін табуға жеткізеді. Оқып-білім алушының білім алу ортасына психологиялық адаптациясы мен рефлексиясын проблемалық, субъективті немесе жаңа объективті ситуация байланыстырады, әрі ол «жеке тұлға-білім ортасы» жүйесінде тепе-теңдікті қажет етеді [13, 123б].

Авторлық анкета көмегімен студенттердің ұғым-түсініктеріне қарай рефлексия білім ортасындағы түрлі ситуацияларында күй-қалыпты болжау, ойластыру, мүмкін болатын нұсқаларды ойнап көруге мүмкіндік береді, табысқа жеткізетін немесе жеткізбейтін әрекеттер құрылымын талдауға да мүмкіндік береді. Бұл жағдай рефлексияны психологиялық адаптацияның бір бөліктерінің бірі деп санауға және оның ЖБҰ ортасына психологиялық адаптацияланудағы оның орнын анықтауға мүмкіндік береді [14, 99б].

Студенттер рефлексияны өздерінің белсенділіктері тұрғысынан процесс және іс-әрекет деп қарастырады. Бұл процесс рефлексивті бейнелер негізінде жүзеге асады, осы бейнелермен шарттасады. Студенттер ұғымында рефлексияны іс-әрекет деп сипаттау байқалады. Рефлексия процесін жүзеге асыратын механизмдер аталады (проблемалық ситуацияның болуы, өткенді бағалау, болашақ іс-әрекеттерді жоспарлау), рефлексияға деген субъективті қатынас, көзқарас және рефлексия нәтижесінің болуы не жоқтығы аталады. Рефлексияда белгілі бір модальдық бейнелері басым болып келеді (көру бейнелері мен логикалық схемалар), онда іс-әрекет құрылымының базалық элементтері бейленеді (мотив, мақсат, әрекет жоспары, жетістіктер бейнелері мен әрекетке түрткі қалыптастырылады). Студенттер рефлексияның рөлін оқу міндеттерін шешуде оптимистік деп бағалап, оған ЖОҰБҰ ортасына психологиялық адаптациялау деп саналы қарайды [15, 44б].

Студенттердің рефлексия жайлы түсініктерінің контентті талдауы мынаны көрсетті: қай курста оқуына байланысты жеке, дифференциалды түсініледі: кіші курстарда рефлексия және оның адаптациялық процестегі рөлі жайлы ұғым-түсінік біршама нақтырақ және нақты білім ортасындағы адаптация жағдайларына тікелей байлаулы, тәуелді; жоғары курстарда рефлексияны анықтау терминологиялық-абстрактілі сипатта болады. Жоғары курс студенттерінің сөздік реакциялары сөз қорытындыларының нақтылығының мол әрі едәуір болуымен, ғылыми оралымды терең түсініктегі оралымды анықтамалар берумен ерекшеленеді. Кіші курстың студенттері рефлексияны тұлғааралық диалог тұрғысынан қарастырады, ал осы кезде жоғары курс студенттері ішкі диалог пен монологқа басты акцент қояды. Ұғым-түсініктерді талдау барысында студенттер басым түрде когнитивті, жеке тұлғалық және бағалаушы компоненттерді айрықша бөледі, ал рефлексияның эмоционалды, мінез-құлықтық жағына аз, кем дәрежеде көңіл бөледі.

Студенттердің түсінігі бойынша рефлексия адамның жеке белсенділігін реттеу шарасы болады және сыртқы әлемді қайта құруға және ортаның өзгермелі талаптарына және білім берудің өзгерістеріне орай жеке басының да өзгерісіне жеткізеді, сондықтан да студенттердің психологиялық адаптациялануының маңызды шарасы болып табылады [16, 1476].

Сыналушылармен әңгімелесу барысында олардың түсінігі бойынша кез-келген рефлексия, оның ішінде адаптациялық процестегісі де кейбір механизмдер арқылы басталады. Студенттердің рефлексивті процестерін байқататын қарапайым жиі кездесетін жағдайлардың бірі, - бұл проблемалық ситуация, өткен тәжірибені бағалаудың қажеттігі, жоспарлау ситуациясы мен кінә сезімін бастан кешіру. Сирек жағдайда рефлексияның пайда болу механизмдері ретінде респонденттер табыстылықты бастан кешіру, жауапкершілік сезімі, психофизиологиялық құлазу мен іштен түрткі дегендерді таңдаған. Рефлексивті әрекет кезінде студенттер ақпаратты алғашқы қабылдау мен ішкі өңдеу каналдарының ішінде басым деп санағандары көру бейнелері болды. Есту және кинестетикалық модальдықтар онша көмескі ұсынылады. Бірақ рефлексиядағы логикалық схемалар (қозғалыс модальдығы) көру бейнелерімен қатар қатысады. Осылайша, рефлексия процесінде студенттер негізінен «картинкалармен» және «логикамен» жұмыс жасайды, яғни өз пікірлерін визуалды бейнелермен қатар түсіндіре қолданады [17, 666].

Рефлексияның әрқилы түрлері, параметрлері, механизмдері, бейнелер, рефлексия нәтижелері, адаптацияланушылық пен субъектілі-жеке тұлғалық сипаттамалар араларындағы көптеген байланыстардың болатындығы аталған. Адаптацияланушылық ой-пікірлердегі қажеттіліктердің жоғары көрсеткіштерімен, жүйелі рефлексиямен және «оқу үшін рефлексияның пайдасы» көрсеткіштерімен дұрыс корреляцияланады. Әрі мәліметтер арқылы рефлексияға қанағаттанушылық рефлексиялай алушылықпен, оқу ісі үшін рефлексияның пайдалылығымен, бейнелердің нақтылығымен және стратегиялардың түрлішелігімен дұрыс корреляцияланады. Жағымды, дұрыс байланыстарды біздер және де рефлексиялай алу шеберлігі мен бұл шеберлікті дамыту ниеті арасында, оқу ісі үшін рефлексияның пайдасы, бейнелердің дәлдігі, стратегиялардың түрлі болуы және ЖБҰ ортасына адаптацияланушылық арасында да болатындығын біздер көреміз. Неғұрлым оқу ісі үшін рефлексияның пайдасы көбірек екендігі айтылса, соғұрлым рефлексия процесінде пайда болатын бейнелер нақтырақ және динамикалы болып келеді және ұсынылатын стратегиялар түрліше болып келеді, ЖББҰ ортасына адаптацияланушылық деңгейі жоғары болып келеді. Рефлексия процесінде бейнелердің пайда болуы неғұрлым нақтырақ және дәлірек болса, соғұрлым ол бейнелер динамикалы, бөлшектелген және күрделі, әрі болжам стратегиялар саны көбірек, өмірге және ЖБҰ ортасына адаптацияланушылық деңгейі жоғары болып келеді. Сонымен қатар ЖБҰО-н проблемалық ситуацияларында рефлексияның қолданылу жиілігі жоғары болса, соғұрлым ЖБҰО адаптацияланушылық жоғары, рефлексия жүйелірек, мінез-құлықтың әртараптандырылған бейімді стратегиясы, рефлексия процесінде пайда болатын бейнелер динамикалы болады [18, 746].

Рефлексияның адаптивті емес формаларына ситуативті және ретроспективті рефлексияны және интроспекция мен квазирефлексия, яғни фантазиялауды жатыстыруға болады. Интроспекция ЖБҚО-на психологиялық адаптацияланудың барлық компоненттері және түрлерінің барлығымен дерлік анағұрлым кеңірек әрі күшті кері байланыстар құрайды. Рефлексиядағы бастан кешірулердің күші, жарықтығы мен күші, эмоционалды күйлердің басымдығы адаптациямен теріс байланысты болады [19, 956].

Студенттердің жоғары оқу орнының білім беру ортасына бейімделулерінің көрсеткіштерінің өзара байланысын, рефлексиясы мен субъектілі-жеке-тұлғалық қасиеттерін талдау ЖББҰО-на студенттердің психологиялық адаптациялануына рефлексияның үнемі қосылмайтынын көрсетеді: адаптацияда рефлексияның жеткіліксіз қолданылуы адамның өз әрекетінің салдарын өзгелер үшін неге соқтыратынын түсінбей оқытушылармен және бір курстас достарымен әлеуметтік байланыста өтірікті қолдануға итермелейді. Көптеген жағдайларда рефлексия жоғары оқу орнының білімдік ортасына студенттердің адаптациялануына қосылады, ол жағдай белсенді әлеуметтік-психологиялық адаптациялануды жүзеге асыруға мүмкіндік береді, немесе күрделі және нақты рефлексивті бейнелер көмегімен әрі Меннің өзгерместігін сақтай отырып, немесе жоғары оқу орнындағы әлеуметтік айналының талаптарына бағынуға жеткізеді [20, 666].

Регрессивті талдау нәтижесінде оқу іс-әрекетіне адаптацияланушылық жақсы бейімделген студенттер тобының рефлексия көрсеткіштеріне қатысты өзге факторға ие болмайды. Бұл жағдайда оқytудың мазмұнын түсіну, ЖББҰО-ғы оқу іс-әрекетінің ерекшеліктеріне үйрену, оқу тапсырмаларын орындау рефлексивті талдаумен байланысты емес. Демек адаптацияланған студенттер ЖБҰО-н білім беру талаптарына сөзсіз еш қиындықсыз сәйкес келеді және проблемалық ситуацияларды рефлексивті талдауды қажет етпейді.

Біздің зерттеуіміз көрсеткендей-ақ, сыналатын таңдау тобында адаптивті формаларды игеру деңгейі аса жоғары емес. Соған орай студенттер үшін психологиялық адаптацияланудағы субъективті жаңа және қиын ситуацияларда рефлексивті тәсілдер мен дағдыларды қолдануды жеңілдету мақсатында және ЖБҰО-да түрлі ақпараттық-ағартушылық іс-әрекет жұмыстарын орындауға байланысты кейбір нұсқауларды ұсыну қажеттігі туындайды.

Рефлексияны дамытудың тағы бір түрлерінің бірі психологиялық адаптациядағы рефлексия жайлы, оның орны мен ерекшеліктері туралы, рефлексия жайлы білімдерді қалыптастыру мақсатындағы ағартушылық жұмыстар жасау болуы мүмкін. Бұл мақсаттар үшін біздер рефлексияның өзін-өзі реттеумен, жеке тұлғалық өзгерістермен байланысы жөнінде және адаптацияның өнімді болуы үшін жүйелік рефлексияның рөлі жөніндегі, рефлексиялық дайындық пен оның оны дамыту тәсілдері туралы тұжырымдамалар ұсындық. Әрі алдағы уақытта біздер жүйелі рефлексияны дамытудың авторлық схемасын ұсынатын боламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Белозерцева, Т. В. Педагогическая технология формирования рефлексии школьников в процессе обучения: дис. ... канд. пед. наук : 13.00.01 / Белозерцева Татьяна Викторовна. - Челябинск, 2000. - 195 с.
- 2 Буракова, В. А. Развитие личности студента факультета психологии посредством тренинга личностного роста / В. А. Буракова. - Пенза, 2006. - 89 с.
- 3 Вульффов, Б. З. Профессиональная рефлексия: потребность, сущность, управление / Б. З. Вульффов. - М.: Магистр, 1995. - 112 с.
- 4 Карпов, А. А. Психология рефлексивных механизмов деятельности : моногр. / А. А. Карпов. - М.: Институт психологии РАН, 2004. - 432 с.
- 5 Карпов, А. В. Психология рефлексии : моногр. / А. В. Карпов, И. М. Скитяева. - М.: ИП РАН, 2002. - 250 с.
- 6 Голубева, Н.М. Роль рефлексии в адаптационном процессе студентов к условиям обучения в вузе [Текст] / Григорьева М.В., Шамионов Р.М., Н.М. Голубева // Психологическая наука и образование. - 2017. - Т. 22. № 5. - С. 23-30. (1,2 п.л.).
- 7 Golubeva, N. Interrelation of various parameters of reflection of students / N. Golubeva, M. Tkacheva // International Annual Edition of Applied Psychology: Theory, Research, and Practice. - 2015. - Volume 2, Issue 1. - Режим доступа: <http://interpsy.sgu.ru/en/articles/interrelation-of-various-parameters-of-reflection-at-students/> (0,87 п.л.).
- 8 Кушеверская, Ю.В. Формирование рефлексивной компетентности студентов в образовательном процессе педагогического колледжа : дис. ... канд. пед. наук : 13.00.08 / Кушеверская Юлия Викторовна. - Петрозаводск, 2007. - 190 с.
- 9 Лушпаева, Е.В. Развитие рефлексии в общении средствами социально-психологического тренинга : автореф. дис. ... канд. психол. наук : 05 / Лушпаева Елена Владимировна. - М., 1989. - 25 с.
10. Металева, В.А. Развитие профессиональной рефлексии в последипломном образовании: методология, теория, практика: дис. ... д-ра пед. наук: 13.00.08 / Металева Валентина Александровна. - Екатеринбург, 2006. - 357 с.
11. Огурцов, А.П. Рефлексия в науке и обучении / А. П. Огурцов // Вопросы философии. - 1986. - №2. - С. 160-163.
12. Рыбалко, ЛА. Социально-психологический тренинг как фактор развития личности студента педагога-психолога / Л. А. Рыбалко - Пенза, 2006. - 78 с.
13. Шаврина, О.Ю. Формирование педагогической рефлексии в подготовке будущего учителя : дис. ... канд. пед. наук : 13.00.01 / Шаврина Ольга Юрьевна. - Уфа, 2000. - 196 с.
14. Голубева, Н.М. Рефлексия как адаптивный ресурс личности [Текст] / Н.М. Голубева // Теория и практика общественного развития. - 2015. - № 14. - С. 145-147. (0,33 п.л.).
15. Голубева, Н. М. Представления студентов об эффективности рефлексии в психологической адаптации к образовательной среде организации высшего образования / Н.М. Голубева // Теоретико-прикладные аспекты развития психологии и педагогики в России и за рубежом: Сборник статей по итогам Международной научно-практической конференции (Стерлитамак, 7 июня 2018 г.). - Стерлитамак: АМИ, 2018. - С. 30-32. - Режим доступа: <https://ami.im/sbornik/MNPK-PP-32.pdf> (0,18 п.л.).
16. Щедровицкий, Г. П. Рефлексия в деятельности / Г. П. Щедровицкий // Вопросы методологии. - 1994. - № 4. - С. 76-121.
17. Элементы логики рефлексивных игр / В. А. Лефевр // Проблемы инженерной психологии. - Вып. 4. - Л.: Изд-во ЛГУ, 1966.

18. Слостенин, В.А. Педагогика : учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / В. А. Слостенин, И. Ф. Исаев, Е. Н. Шиянов ; под ред. В.А. Слостенина. - М. : Академия, 2002. - 576 с.
19. Рубинштейн, С. Л. Основы общей психологии / С. Л. Рубинштейн. - СПб. : Питер, 1999. - 712 с. - (Мастера психологии).
20. Практическая психология образования : учеб. / под ред. И. В. Дубровиной. - М. : Сфера, 2000. - 387 с.
21. Жигитбекова Б.Д., Психологиядагы элеуметтік сәйкестендіру мәселесі // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы. «Психология» сериясы, №3(60), 2019. – С.175-178.